

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : **ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»**

Топ: ортаңғы топ **«Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;- негізгі қимыл түрлері: сапқа тұру, қайта сапқа тұру қарапайым дағдыларын жетілдіру;- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшандықты дамыту;- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара он қарым-қатынас жасауға баулу;- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шенберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шенбердегі өз орнын табуға үйрету.</p>

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Аяқта арналған жаттығулар:

- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жанжаққа, артқа қою;
- қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;

Спорттық жаттығулар

Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен

	<p>тәнистыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - тұрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендердікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен тәнистыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p>

Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. <p>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету.</p> <p>Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету.</p> <p>Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ыргағы мен мәнерлігін оларға елікте, жеткізуді үйрету.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға</p>

жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сырттайтын сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.

Сөздік қор.

Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарында»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім

	<p>және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тындаиды және түсінуді үйрету.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, - олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне - сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге күрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;

	<ul style="list-style-type: none"> - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сактау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалышықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сактауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.

		Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мұсіндеу		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p>
Музыка		<ul style="list-style-type: none"> - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншылардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан</p>

музыка тындауға үйрету.

Ән айту.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.

Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.